



## Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Украина Советтік Социалистік Республикасы арасындағы шартты бекіту туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің қаулысы 1991 жылғы 11 маусым N 370

Қазақ ССР Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Министрлер Кабинеті бекітуге ұсынған, 1991 жылғы ақпанның 20-ында Алматы қаласында қол қойылған Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Украин Советтік Социалистік Республикасы арасындағы шарт бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің  
Төрағасы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен  
Украина Советтік Социалистік Республикасы арасындағы  
Шарт

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Украина Советтік Социалистік Республикасы, бұдан әрі екі Жақ деп аталатын болады:

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы 1990 жылғы 25 қазандағы декларациясы мен Украинаның Мемлекеттік егемендігі туралы 1990 жылғы 16 шілдедегі декларациясын негізге ала отырып,

халықтардың өз тағдырын өзі билеу правосын қуаттай отырып,  
екі республиканың халықтары арасында тарихи қалыптасқан байланыстарды,  
олардың мәдениеттерінің бірін бірі өзара байыту дәстүрлерін ескере отырып,

Қазақстан мен Украинаның демократиялық праволық мемлекеттерін құруға деген өз халықтарының еркі мен олардың бекемдігін білдіре отырып,

өздерінің мемлекетаралық қатынастарын егеменді теңдік, ішкі істерге араласпау, күш қолданудан, қысым жасаудың экономикалық және өзге де кез келген әдістерін қолданудан бас тарту, даулы проблемаларды келісу құралдарымен реттеу принциптері, сондай-ақ халықаралық правоның жалпы жұрт таныған басқа да принциптері мен нормалары негізінде дамыту қажеттігіне сенімді бола отырып,

өздерінің арасындағы достық және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарын одан әрі дамыту мен нығайту екі мемлекет халықтарының түбегейлі ұлттық мүдделеріне сай келеді және бейбітшілік пен хауіпсіздік ісіне қызмет етеді деп санай отырып,

егеменді мемлекеттерінің жаңарған одағын ерікті негізде құруға және дамытуға барынша жәрдемдесуге деген ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, сондай-ақ Хельсинки Қорытынды актісінің, жаңа Европаға арналған Париж хартиясының және Европа мен Азиядағы халықаралық хауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі басқа да негізгі халықаралық праволық құжаттардың мақсаттары мен принциптеріне өзінің адалдығын қуаттай келіп,

адам праволары саласындағы халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормаларын, сақтауға міндеттене отырып,

мына төмендегілер жөнінде уағдаласты.

### 1-статья

Екі жақ бірін бірі егеменді мемлекет деп танып, өздерінің мемлекеттік егемендігіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерге бармауға міндеттенеді.

### 2-статья

Екі Жақ азаматтық туралы заңдар қабылдағаннан кейін Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Украина Советтік Социалистік Республикасының территорияларында тұратын барлық ССРО азаматтарына өздері территориясында тұратын Жақтың азаматы болу правосына кепілдік береді.

Басқа бір Жақтың территориясында тұратын адамдардың екінші Жақтың азаматтығын алу мәселелері екі Жақтың азаматтық туралы заңдары негізінде тиісті келісіммен реттелетін болады.

### 3-статья

Екі Жақтың әрқайсысы өзінің территориясында тұратын екінші Жақтың азаматтарына екі Жақтың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өз азаматтарымен бірдей праволары мен бостандықтарға және олардың праволық жағынан бірдей қорғалуына кепілдік беруге міндеттенеді.

Екі Жақтың әрқайсысы екінші Жақтың территориясында тұратын өз азаматтарының праволарын қорғайды, халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормаларына сәйкес оларға қамқорлық және қолдау көрсетеді.

### 4-статья

Екі Жақ аз ұлттардың және қалыптасқан бірегей этникалық-мәдени аймақтардың этникалық, мәдени, тіл жөніндегі діни өзіндік ерекшеліктерінің көрінуіне, сақталуына және дамуына жәрдемдеседі.

Қазақ ССР-і мен Украина ССР-і тиісінше Украина территориясында тұратын қазақтардың және Қазақстанда тұратын украиндықтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттерін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды. Екі Жақтың әрқайсысы қолданылып жүрген заңдар шеңберінде ондай адамдарға және олардың ұйымдарына екінші Жақтың жәрдем көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етеді және жеңілдетеді.

#### 5-статья

Екі Жақ өз халықтары мен мемлекеттерінің саясат, экономика, ғылым, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, экология, техника, сауда саласында, гуманитарлық және басқа салалардағы тең праволы және өзара тиімді ынтымақтастығын дамытады, кең көлемде хабарламалар алмасуға көмектеседі.

Екі Жақ тиісті салаларда ынтымақтастық туралы келісімдер жасауды қажет деп есептейді.

#### 6-статья

Екі Жақ Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Украин Советтік Социалистік Республикасының қазіргі шекаралардағы территориялық тұтастығын таниды және құрметтейді.

#### 7-статья

Екі Жақ халықаралық бейбітшілікті одан әрі нығайтуға ұмтыла отырып, екі Жақтың Мемлекеттік егемендік туралы декларациялары негізінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысына сәйкес қорғаныс пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында екі мемлекеттің ынтымақтастығын қажет деп таниды.

#### 8-статья

Екі Жақ ортақ үйлестіруші институттары арқылы тең праволы негізде жүзеге асырылатын өздерінің бірлескен қызметі саласына мыналар жатады деп таниды:

- сыртқы саясаттағы өзара іс-қимыл;
- жалпыадамзаттық қазыналарды игеру мен сақтаудағы, адам праволарын және азаматтардың праволарын қорғауды қамтамасыз етудегі өзара іс-қимыл;

- жалпы экономикалық, праволық, гуманитарлық және

хабарламалық кеңістікті қалыптастыру мен дамытудағы ынтымақтастық;

- таможнялық саясат мәселелері;

- энергетика, транспорт және спутниктік байланыс пен телекоммуникацияны қоса байланыс жүйелерін басқару;

- айналадағы ортаны қорғау саласындағы, соның ішінде ластанудың ғаламдық таралуын болдырмау және экологиялық қауіпсіздіктің әмбебап халықаралық жүйесін жасауға қатысу жөніндегі ынтымақтастық, төтенше жағдайларда өзара көмек көрсету;

- көшіп-қону саясатының мәселелері;

- халықаралық қылмыскерлікті қоса қылмыскерлікке қарсы күрес.

#### 9-статья

Екі Жақ Чернобыль апатының, Арал теңізі аймағындағы экологиялық апаттың және Семей полигонында ядролық қару сынаудың келеңсіз зардаптарының планеталық сипатын ұғынады және жоғарыда аталған проблемалардың барлық қырлары бойынша хабарламалар алмасуға, олардың зардаптарын жою жөнінде өз күш-жігерін, соның ішінде халықаралық деңгейде де біріктіріп, үйлестіріп отыруға міндеттенеді.

#### 10-статья

Екі Жақ басқа Жақтың территориясында орналасқан бір Жақтың мемлекеттік мүлкінің, заңды ұйымдары мен азаматтары мүлкінің праволық режимі екі Жақтың заңдарымен, ал қажет болған жағдайда ерекше келісіммен реттеледі деп санайды.

Екі Жақ жалпыодақтық меншік деп аталатын объектілерге

қатысты барлық мәселелер мүдделі Жақтардың қатысуымен ерекше келісімдер негізінде реттелуге тиіс екеніне келіседі.

## 11-статья

Екі Жақтың экономикалық қатынастары келісімдермен реттеледі, барынша қолайлылық режимін туғызу бұл келісімдерді ажырамас бөлігі болып табылады. Екі Жақ:

- мемлекеттік өкімет пен басқару органдары;
- банктер мен қаржы жүйесі;
- Ғылым академиялары;
- кәсіпорындар, бірлестіктер, ұйымдар мен мекемелер;
- бірлескен қазақ-украин және украин-қазақ кәсіпорындары мен ұйымдары;

- жеке кәсіпкерлер деңгейінде экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық қатынастардың дамуын қамтамасыз етеді.

Екі Жақ шаруашылықаралық қатынастардың, сауда-саттық жасаудың, байланыс пен тасымалдың барлық түрлерінің нақты механизмдері, сондай-ақ экономикалық және хабарламалық ынтымақтастық мәселелері үкіметаралық келісімдермен реттелетініне келіседі.

Екі Жақ өзара қабылдаған міндеттемелерді адал және

мүлтіксіз сақтайтын болады және екі Жақтың өздерінің экономикасын тұрақсыздандыратын немесе екі Жаққа нұқсан келтіретін экономикалық шараларды біржақты тәртіппен қолданбайды.

## 12-статья

Екі Жақ өзара өнім беру мен қызмет көрсету, төлем төлеу, баға және бағалы қағаздардың қолданылуы туралы үкіметаралық келісімдер жасасады. Келісімдердің бұл тізбесін түпкілікті деп қарауға болмайды.

Екі Жақ баға саясатын үйлестіру жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді.

## 13-статья

Екі Жақ әрқайсысы өз территорияларында орналасқан теңіз, өзен және әуе порттары, темір жолдар, автомобиль жолдары желісі және құбыр жолдары арқылы екінші Жақтың транзитті транспорт операцияларын қамтамасыз етеді.

Транзитті транспорт операцияларын жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі екі Жақтың арнаулы келісімдерімен белгіленеді.

#### 14-статья

Екі жақ мемлекетаралық қатынастардың басқа барлық салаларындағы ынтымақтастық туралы қосымша шарттар немесе келісімдер жасасу правосын өзінде қалдырады.

#### 15-статья

Екі Жақ өкілетті өкілдіктер алмасады.

Өкілдіктер алмасу тәртібі мен олардың статусы арнаулы келісіммен реттеледі.

#### 16-статья

Осы Шартты түсіну мен қолдануға қатысты даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешілуге тиіс.

#### 17-статья

Осы Шарт екі Жақтың үшінші мемлекеттерге қатысты міндеттемелерін және бірлескен қызметтің Шарт арқылы белгіленген саласына, соның ішінде хауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына да қатысу туралы үшінші жақтармен шарттар жасасу правосын қозғамайды.

## 18-статья

Екі Жақ осы Шартты орындау мәселелері бойынша екі жақты консультациялар мен келіссөздерді үнемі жүргізіп отырады.

Осы Шартты жүзеге асыру мақсатында екі Жақ сондай-ақ

ынтымақтастық жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін парламентаралық комиссия құруды қажет деп санайды.

## 19-статья

Екі Жақтың әрқайсысы консультациялар шеңберінде осы Шартты немесе оның жекелеген статьяларын одан әрі қолданудың қисындылығы туралы келіссөздер жүргізуге инициатива жасау правосын өзінде қалдырады.

Осы Шарттың ережелері екі Жақтың өзара келісімі бойынша толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

## 20-статья

Осы Шарт бекітілуге тиіс.

Бекіту грамоталары Киев қаласында алмасылатын болады.

Осы Шарт бекіту грамоталары алмасылған күні күшіне енеді.

## 21-статья

Осы шарт он жыл мерзімге жасалады.

Егер екі Жақтың бірде-біреуі Шартты бұзғысы келетінің оның қолданылу мерзімі бітетін кезден кем дегенде алты ай бұрын жазбаша хабарлау жолымен мәлімдемейтін болса, бұдан кейін оның қолданылуы келесі он жыл мерзімге өздігінен жалғаса береді.

Алматы қаласында 1991 жылы 20 ақпанда екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде жасалды және

үш текстiң де күшi бiрдей.

## 22-статья

Осы Шарт күшiне енгеннен кейiн тiркеу және жариялау үшiн  
Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Секретариатына жiберiледi.

Қазақстан Советтiк Социалистiк      Украин Советтiк Социалистiк  
Республикасы үшiн                      Республикасы үшiн

Қазақ Советтiк Социалистiк      Украин Советтiк Социалистiк  
Республикасының Президентi      Республикасы Жоғарғы  
Советiнiң Төрағасы